Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Алматы қ. №191240019852/210086/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі, 2020 жылғы 25 қарашадағы №56 Сенімхат негізінде әрекет ететін Агенттік Аппаратының Басшысы Омарханов Алмас Омарханұлы атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын, және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, 2020 жылғы 13 қазандағы № 85 сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын Әкімшілік басқармасының бастығы С.Ш. Парманкулов арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Заң) 39-бабының 3-тармағының 53) тармақшасына сәйкес «тікелей шарт жасау арқылы бір көзден» тәсілімен осы Үй-жайларды жалдау бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және мына төмендегілер туралы келісімге келді.

1 Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шартқа 1- қосымшаға сәйкес Өнім берушінің аумақтық филиалдарының ғимараттарында (бұдан әрі – Объектілер) орналасқан үй-жайларды жалдау бойынша қызметтерді (бұдан әрі - Қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтерді қабылдауға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда олар үшін Шарт талаптарында: 001 бюджеттік бағдарламасы - Қаржы нарығын реттеу мен дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, 123 кіші бағдарламасы бойынша - Ағымдағы әкімшілік шығыстар, 159 ерекшелік бойынша – Басқа да қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Өнім беруші Объектілерді Шартқа 2-қосымшада көрсетілген мүлікті (бұдан әрі - Мүлік) Объектілер мен Мүліктің техникалық жай-күйі көрсетілетін, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған қабылдау-беру актісінің негізінде Объектілер мен Мүлікті беру арқылы уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шартқа 1-қосымшаға сәйкес Өнім берушінің Қызметтер көрсетуге байланысты шығыстарын төлейді.

1.3. Тапсырыс беруші Қызметтерге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүлкін заңды және жеке тұлғаларға жалға беру тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес орындалған Өнім берушінің есептеріне сәйкес ақы төлейді.

1.4. Төменде тізбектелген құжаттар мен онда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) Шарт;

2) сатып алынатын Қызметтердің тізбесі (Шартқа 1-қосымша);

3) техникалық ерекше нұсқама (Шартқа 2-қосымша);

4) Объектілер мен Мүлікті қабылдау-өткізу актісі (Шартқа 3-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 12 938 044.81 (он екі миллион тоғыз жүз отыз сегіз мың қырық төрт тенге сексен бір тиын)) теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт
001 Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бюджеттік бағдарламасы, **123** Ағымдағы әкімшілік шығыстар кіші бағдарламасы, **159** Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша - 12 938 044.81 (он екі миллион тоғыз жүз отыз сегіз мың қырық төрт тенге сексен бір тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2021 жылы тіркеуге жатады.

2.3. Шартқа 1-қосымшада аталған нақты көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеуді Тапсырыс беруші Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күні ішінде ай сайын Өнім берушінің есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы жүргізеді. 2021 жылғы желтоқсан үшін төлем 2021 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірілмей жүргізіледі.

2.4. Төленуге жататын қажетті құжаттар:

1) аумақтық қазынашылық органда тіркелген Шарт;

2) көрсетілген Қызметтер актісі;

3) көрсетілген Қызметтердің сомасы сипатталған, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тиісті ай үшін ұсынған ақы төлеу шоты және немесе шот-фактура.

2.4. Қызметтердің құны жалға алынатын Объектілер алаңының өзгеруіне байланысты өзгеруі мүмкін.

2.5. Қазақстан Республикасының салық, баждар және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер туралы заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.6. Көрсетілетін Қызметтердің сандық және құндық мәндегі көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1. Өнім беруші:

1) Шарт бойынша өзіне қабылданған міндеттемелерді толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде көрсетілетін Қызметтердің Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

3) Өнім берушінің Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерінен туындаған Тапсырыс берушіге келтірілген зиянды толық көлемде өтеуге;

4) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-ына дейін, мемлекеттік сатып алу веб-порталы (бұдан әрі - веб-портал) арқылы электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген есепті айда

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

көрсетілген Қызметтер актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге жіберуге. 2021 жылғы желтоқсанда көрсетілген Қызметтер актісі 2021 жылдың 30 желтоқсанына дейін рәсімделіп, жіберілсін;

5) Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісін бекіткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақы төлеу шотын және/немесе шот-фактураны жазып беруге;

6) Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасынан қателерді, кемшіліктерді және басқа да сәйкессіздіктерді анықтаған жағдайда Тапсырыс берушіден анықталған қателер, кемшіліктер және басқа да сәйкессіздіктер туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды өз есебінен жоюға;

7) қайта ұйымдастырылған немесе таратылған не Қызмет көрсету құқығы жойылған жағдайда дереу, күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей, бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге;

8) Шарт күшіне енген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде иеленетін (жалға алынатын) үй-жайларды растау үшін Тапсырыс берушіге уақытша пайдалануға берілген жалға алынатын үй-жайлардың құжаттарының (техникалық паспорттарының) көшірмелерін беруге **міндеттенеді.**

3.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіден көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеуді талап етуге **құқылы**.

3.3. Тапсырыс беруші:

1) Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтер үшін ақы төлеуді уақтылы және толық көлемде жүргізуге;

2) ҚР заңнамасына және Өнім берушінің қағидаларына сәйкес санитарлық және өртке қарсы нормаларға сәйкес Объектілерді тиісті жағдайда ұстауға;

3) көрсетілген Қызметтерде қателер, кемшіліктер және басқа да сәйкессіздіктер анықталған кезде Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы оларды жоюды талап етуге;

4) Қызметтерді қабылдау кезінде Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімдерде веб-портал арқылы көрсетілген Қызметтер актісін бекітуге не негізді дәлелдер келтірумен оны қабылдаудан бас тартуға;

5) Өнім берушіні Объектілердің немесе Объектілердің жекелеген бөлігінің алдағы босатылуы туралы күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей хабардар етуге және оларды беру сәтіндегі Объектілердің техникалық жай-күйі көрсетілетін, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған қабылдау-беру актісі негізінде Өнім берушіге тапсыруға;

6) Өнім беруші Объектілердің және/немесе Мүліктің зақымдануын және/немесе бүлінуін (бұдан әрі – ақаулар) Өнім берушінің хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде анықтаған жағдайда, өз есебінен барлық анықталған ақауларды жоюды жүзеге асыруға не Өнім берушіге келтірілген залал сомасын толық көлемде өтеуге;

7) Тапсырыс берушінің кінәсінен болған жалға алынған Объектілердегі апаттардың салдарын өз есебінен жоюға;

8) Объектілерде белгіленген өткізу және объектішілік режимдерінің ережелерін сақтауға;

9) өз есебінен Объектілерге ағымдағы жөндеу жүргізуге;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

10) Объектілерді олардың нысаналы мақсатына сәйкес қана пайдалануға;

11) Қызметтер көрсету үшін Өнім беруші мамандарының кіруін қамтамасыз етуге **міндеттенеді**.

3.4. Тапсырыс беруші:

1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;

2) Объектілерде ағымдағы жөндеуді Өнім берушінің жазбаша келісімімен ғана жүргізуге құқылы. Тапсырыс беруші ағымдағы жөндеу бойынша барлық шығыстарды Өнім берушіден оларды өтеуді талап етпей, өз есебінен жүргізеді;

3) Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Шартты бұзу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын бұл туралы Өнім берушіні жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға **құқылы**.

4 Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптар осы Шарттың шеңберінде өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

4.2. Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп айырысу шотында қолма-қол ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге оған тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 10% (он пайыз) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша айыпақы (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте айыпақының (өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарт сомасының 1%-нан (бір пайызынан) аспауға тиіс

Өнім беруші ақы төлеу шотын және/немесе шот-фактураны уақытылы ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем мерзімін кешіктіргені үшін жауапкершілікте болмайды.

4.3. Қызметтерді көрсетпеген немесе тиісті түрде көрсетпеген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде тұрақсыздық айыпақы (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда әрбір кешіктірілген күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерде айыпақы (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте айыпақының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан (он пайыз) аспауы тиіс.

4.4. Өнім беруші Қызметтер көрсетуден бас тартқан немесе Қызметтерді көрсету мерзімі Шарт бойынша Қызметтер көрсету мерзімі аяқталған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімге Қызметтер көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, алайда Шарттың қолданылуының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде айыпақы (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы, бірақ Шарт сомасының 1% (бір пайызы) көп емес.

4.5. Анықталған ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

тиісті хабарлама алған күннен бастап Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір жұмыс күні үшін келтірілген залал сомасының 0,5% (нөл бүтін оннан бес) мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ ол Шарт сомасының 10% (он пайызынан) Шарт сомасынан аспауы тиіс.

4.6. Айыпақы (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

4.7. Егер кез келген өзгеріс құнның немесе Қызметтер көрсету үшін Өнім берушіге қажетті мерзімнің азаюына әкелсе, онда Шарттың сомасы немесе Қызметтер көрсету кестесі немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзетулер жүргізуге қатысты барлық сұратулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы нұсқау алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

4.8. Өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз толығымен де, ішінара да беруіне жол берілмейді.

5 Шарттың қолданылу мерзімі және бұзу талаптары

5.1. Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді, 2021 жылғы 01 қаңтардан бастап туындаған Тараптардың құқықтық қатынастарына қолданылады және 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығында қолданыста болады.

5.3. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта біржақты тәртіппен Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту зиян келтірмесе немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе кейіннен қойылатын іс-әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет атқармайды.

5.4. Шарт Тараптардың келісімі бойынша оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін.

5.5. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші Шарттың 4.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші көрсетілетін Қызметтерді Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындай алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

5.6. Шарт:

1) Тапсырыс беруші Шарт талаптарын немесе Объектілер мен Мүліктің пайдалану мақсаты талаптарын елеулі түрде бұза отырып Объектілерді Өнім берушінің осындай әрекеттерді тоқтату туралы жазбаша ескертуіне қарамастан пайдаланатын болса;

2) Егер Тапсырыс беруші қасақана немесе абайсызда мүлікті немесе объектілерді айтарлықтай төмендетсе;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3) Егер Тапсырыс беруші Шартта белгіленген төлем мерзімі аяқталғаннан кейін нысандарды және мүлікті пайдаланғаны үшін төлемді екі реттен артық төлемесе;

4) егер Өнім беруші Объектілер мен Мүлікті Тапсырыс берушінің пайдалануына ұсынбайтын болса не осы Шарт талаптарына немесе Объектілер мен Мүліктің пайдалану мақсаты талаптарына сәйкес Объектілер мен Мүлікті пайдалануға кедергі туындатса;

5) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуларға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылғаны анықталған болса;

6) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісі анықталған жағдайда кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

5.6. Шарт жоғарыда баяндалған жағдайларда бұзылған жағдайда, Өнім беруші Шарттың бұзылған күні Шартты бұзумен байланысты нақты шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы.

6 Хабарлама

6.1. Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырысты хатпен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

6.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

7 Төтенше жағдай

7.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы төтенше жағдайлардың салдары болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілікте болмайды.

7.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру төтенше жағдайлардың салдары болып табылса, Өнім беруші айыпақыны төлеуге немесе Шарттың талаптарын орындамауына байланысты оны бұзуға жауапты болмайды.

7.3. Шарттың мақсаттары үшін «төтенше жағдай» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: әскери іс-қимылдар, табиғи немесе дүлей апаттар**,** Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және құқықтық актілерін қабылдау.

7.4. Төтенше жағдайлар туындаған кезде Өнім беруші дереу Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Еңсерілмейтін дүлей күш жағдайларының әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар орын алған кезде ауысады

8 Даулы мәселелерді шешу

8.1. . Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер барысында шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

8.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

9 Басқа да талаптары

9.1. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуі тиіс.

9.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысанында жасалады.

9.3. Өнім берушіні таңдауға негіз болып табылған сапасы мен басқа да талаптары өзгермеген жағдайда, Шартқа:

1) Қызмет бірлігі бағасын және тиісінше Шарттың сомасын азайтуға қатысты Тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) Шартта көрсетілген Қызметтер үшін баға өзгермеу талабымен көрсетілетін Қызметтер көлеміне қажеттіліктің азаюына не ұлғаюына байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған Шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

3) егер Өнім беруші онымен жасалған Шартты орындау барысында Қызметтің бірлігі үшін бағаны өзгертпей онымен жасалған Шарттың мәні болып табылатын Қызметті анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда;

4) мемлекеттік бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда, жасалған Шарттың сомасын өзгертпеу немесе Қызметтің сметалық құнын азайтпау талабымен Шартты орындау мерзімдерін өзгертуге қатысты өзгеріс енгізуге рұқсат етіледі.

9.4. Шарт бойынша Тараптардың біреуінің міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана беруге жол беріледі.

9.5. Шарт веб-портал арқылы заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

9.6. Шартта реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

9.7. Тараптар Шарт күшіне енген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уақытша пайдалануға берілген Объектілер мен Мүлікті қабылдау-өткізу актісіне қол қояды.

9.8. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уақытша пайдаланудан алынған Объектілер мен Мүлікті қабылдау-өткізу актісіне қол қояды.

10 Реквизиттер

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Тапсырыс беруші:
«ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» РММ БСН 191 240 019 852 ММ КОДЫ: 6250001 Республикалық бюджеттің қолма-қол ақшасының бақылау шоты: KZ 920 701 01K SN0 000 000 БСК KK MFK Z2A Жөнелтуші банк: «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ, Экономика секторының КОДЫ: 11.

_____ **А. Омарханов**

Өнім беруші:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Z05T8F6, қ. Нұр-Сұлтан
Мәңгілік Ел даң., 57А ғимараты
«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дағы
ЖСК KZ86125KZT5004100100
БСК NB RK KZ KX
БСН 941 240 001 151, Бек 13

_____ **С. Парманкулов**

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты

2021-05-24 17:19:46
Омарханов Алмас Омарханұлы
"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі

Республиканское государственное учреждение "Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка"

2021-06-01 09:46:47
Парманкулов Сабит Шаймерденович
"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесі

Республиканское государственное учреждение "Национальный Банк Республики Казахстан"

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
001-123-159 : Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу						Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер (Үй-жайларды жалдау Шымкент, Петропавловск, Павлодар, Актау, Тараз, Қызылорда, Караганда, Уральск, Усть-Каменогрск, Атырау, Талдыкорган, Актобе, Кокшетау, Костанай)						
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Шымкент қ.	Бір қызмет	1	1 197 711.04	Жыл бойы	Жыл бойы	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы (1)	0	1 197 711.04

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Петропавл қ.	Бір қызмет	1	365 058.17	Жыл бойы	Жыл бойы	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ. (1)	0	365 058.17
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Павлодар қ.	Бір қызмет	1	678 920.94	Жыл бойы	Жыл бойы	Павлодар облысы, Павлодар қ. (1)	0	678 920.94
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Ақтау қ.	Бір қызмет	1	786 411.07	Жыл бойы	Жыл бойы	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. (1)	0	786 411.07
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Тараз қ.	Бір қызмет	1	638 196.66	Жыл бойы	Жыл бойы	Жамбыл облысы, Тараз қ. (1)	0	638 196.66
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Қызылорда қ.	Бір қызмет	1	604 759.98	Жыл бойы	Жыл бойы	Қызылорда облысы, Қызылорда қ. (1)	0	604 759.98

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Қарағанды қ.	Бір қызмет	1	860 717.32	Жыл бойы	Жыл бойы	Қарағанды облысы, Қарағанды қ. (1)	0	860 717.32
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Орал қ.	Бір қызмет	1	1 538 074.32	Жыл бойы	Жыл бойы	Батыс Қазақстан облысы, Орал қ. (1)	0	1 538 074.32
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Өскемен қ.	Бір қызмет	1	954 195.67	Жыл бойы	Жыл бойы	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. (1)	0	954 195.67
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Атырау қ.	Бір қызмет	1	1 288 894.28	Жыл бойы	Жыл бойы	Атырау облысы, Атырау қ. (1)	0	1 288 894.28
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Талдықорған қ.	Бір қызмет	1	1 062 788.19	Жыл бойы	Жыл бойы	Алматы облысы, Талдықорған қ. (1)	0	1 062 788.19

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Ақтөбе қ.	Бір қызмет	1	1 229 023.19	Жыл бойы	Жыл бойы	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ. (1)	0	1 229 023.19
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Көкшетау қ.	Бір қызмет	1	531 926.33	Жыл бойы	Жыл бойы	Ақмола облысы, Көкшетау қ. (1)	0	531 926.33
	"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер	Әкімшілік/өндірістік жайларды жалға беру қызметі	Үй-жайларды жалдау Қостанай қ.	Бір қызмет	1	1 201 367.65	Жыл бойы	Жыл бойы	Қостанай облысы, Қостанай қ. (1)	0	1 201 367.65

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Договор о государственных закупках услуг

г.Алматы №191240019852/210086/00

Республиканское государственное учреждение «Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка», именуемое в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Аппарата Агентства Омарханов Алмас Омарханұлы, действующий на основании Приказа от 11 сентября 2020г. № 353, с одной стороны и РГУ «Национальный Банк Республики Казахстан», именуемое в дальнейшем «Поставщик», в лице начальника Административного управления Парманкулова С.Ш., действующего на основании доверенности от 13 октября 2020 года № 85 с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 53) пункта 3 статьи 39 Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее – Закон), заключили настоящий договор о государственных закупках услуг по аренде помещений (далее – Договор) способом «из одного источника путем прямого заключения договора» и пришли к соглашению о нижеследующем.

1 Предмет договора

1.1. Поставщик обязуется оказать Заказчику услуги по аренде помещений (далее – Услуги), расположенных в зданиях территориальных филиалов Поставщика (далее – Объекты) в соответствии с Приложением 1 к Договору, а Заказчик обязуется принять оказанные Услуги и оплатить за них на условиях Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: бюджетной программе 001 Формирование и реализация государственной политики по регулированию и развитию финансового рынка, по подпрограмме 123 Текущие административные расходы, по специфике 159 Оплата прочих услуг и работ.

1.2. Поставщик обязуется предоставить Объекты с имуществом, указанным в Приложении 2 к Договору (далее – Имущество), во временное владение и пользование путем передачи Объектов и Имущества на основании акта приема-передачи, подписанного уполномоченными лицами Сторон, в котором указывается техническое состояние Объектов и Имущества на момент их передачи, а Заказчик оплачивает расходы Поставщика, связанные с оказанием Услуг, согласно Приложению 1 к Договору.

